

**N E W S**

**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**SERIES OF BIOLOGICAL AND MEDICAL**

ISSN 2224-5308

Volume 3, Number 309 (2015), 144 – 147

**THE RELATIONSHIP BETWEEN AGRICULTURAL  
AND USEFUL FEATURES OF THE SOUTH KAZAKHSTAN  
MERINO BREED OF SHEEP IN KUYUKSKIH**

**M. A. Eskaraev, A. D. Dauilbai, R. A. Abildaeva**

M. Auezov named South-Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan.

E-mail: rozita.71 @ mail.ru; Amina.dd @ mail.ru

**Key words:** correlation postembrional, skreshivaniya, selection, sorting, meat, tonkorunnoj.

**Abstract.** Targeted breeding of fine-wool sheep using selection methods that combine characteristics such as weight and wool yield, and wool uniformity, and through the use of ram with important agricultural features was determined in our studies.

In the agricultural industry, especially in the sheep breeding and sheep breeding, importance is attached to the correlation of breeding work in the breeding of fine merinos-kuyuk within a breed of sheep. In the South Kazakhstan region at this time, the scientists are working on this issue. As a result of this research is improving the value of the breed, especially it will make a difference in the economic development of farms.

The studies have been conducted to examine the sheep South Kazakhstan Merino, their live weight, the relationship of the correlative indicators of the quality of fur coats in the farms. As a result came to the conclusion that in all the groups studied the correlation relationship of offspring of the lambs has good performance and high quality.

ӘОЖ 636.933.2:591.5.

## ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚ МЕРИНОСЫНЫҢ КҮЙІК ТҰҚЫМШІЛІК ТИПІ МАЛДАРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ПАЙДАЛЫ БЕЛГІЛЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ

А. Д. Дауылбай, М. А. Есқараев, Р. А. Абилдаева

М. Өуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

**Тірек сөздер:** корреляция, постэмбриональ, будандастыру, селекция, сұрыптау, биязы жүнді, ет.

**Аннотация.** Мал шаруашылығында, соның ішінде қой шаруашылығында өнімділік белгілердің арасындағы өзара корреляциялық байланысты және оның ауытқу деңгейін анықтаудың селекциялық асылдандыру жұмыстарында маңызы зор.

Корреляциялық байланыстарды анықтау нәтижесінде асылдандыру жұмыстарының қарқының тездетуге, бағытын анықтауға және экономикалық тиімділігін арттыруға болатындығы дәлелденген.

Мал асылдандыру жұмысын ойдағыдай жүргізуге олардың пайдалы қасиеттері арасында қалыптасқан өзара байланыс (корреляция) жүйесін тиімді пайдаланудың мәні зор. Табиғи сұрыптау селекциялық белгілер арасындағы байланыстың күшеюін қамтамасыз етеді. Негізінен корреляциялық жұптағы белгілердің бірін басты, екіншісін қосалқы белгі ретінде қарастыру қалыптасқан.

Осыған байланысты, біздер оңтүстік қазақ мериносының шаруашылыққа өтімді белгісі тірілей салмақ пен қырылған жүннің сапалық көрсеткіштері арасындағы корреляциялық байланысты зерттедік.

Асылдандыру үшін белгілер арасындағы генотиптік байланыстың маңызы үлкен. Себебі егер белгі арасында генотиптік байланыс болса, бірінші белгі бойынша сұрыптау екінші белгіге де өзгеріс береді.

Көптеген асылдандыру белгілері өзара тығыз байланысты. Бұл белгілердің бағыты мен мөлшері асылдандыру деңгейіне, мал тұқымына және де басқа көптеген жағдайларға байланысты екені көптеген ғалымдардың деректерінде көрсетілген. Сондықтан да негізгі шаруашылық пайдалы белгілердің өзара байланыстылығы асылдандыру белгілерін азайтып, ал табындарында асылдандыру тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Селекциялық белгілер арасындағы корреляциялық жүйесін есепке алмай малды сапалық топта, кластарға бөлуді ғылыми негіздеу мүлдем мүмкін емес. [1]

Біздің зерттеуімізде тәжірибедегі малдардың тірілей салмағы бойынша онымен байланыстағы келесі белгі – жүн түсімінің артуына әсер еткенін байқаймыз. Биязы жүнді қой шаруашылығында ғылыми негізделген мақсатты асылдандыру жұмыстары тірілей салмағы мен жүн түсімі және жабағы біркелкілігі сияқты белгілерді өзара ұштастыратын селекциялық тәсілдерді қолдана отырып, маңызды шаруашылық белгілері арасында байланысы бар қошқарларды пайдалану жолымен іске асырылады.

Г. А. Стакан алтай қой тұқымында корреляциялық байланыстың келесі мөлшерін анықтаған: тірі салмақпен қырылған жүн арасында +0,45, жүн ұзындығы -0,31-0,36 және жүн талшықтары – +0,043-0,37.

Австралиялық және әр түрлі зауыттық генотипіне байланысты негізгі шаруашылық белгілер арасындағы корреляция коэффициентін зерттеулерімізде көрсетіп кетуді жөн көрдік.

Бірқатар ғалымдар, ауыл шаруашылық малдарын жетілдірудің тиімділігі олардың жас кезінен сұрыптау кезінде артады деген пікірде [2, 3].

Сол себептен зерттеулерде қозылардың туған кезіндегі мен енесінен айырған уақыттағы тірі салмақтарының корреляциялық коэффициенттерін анықтадық. Бірақ бұл көрсеткіш төмен болды. Бұлай болу себебін қозының туылған кездегі тірі салмағына көптеген жағдайлар әсер етеді (саулық жасы, құндылығы, эмбриональдық даму ұзақтығы және т.б.), екіншіден енесін ему кезеңінде қозының өсіп-жетілуіне негізінен азықтандыру әсер етеді. Қозылар эмбриональдық кезеңде жақсы азықтандырылып, постэмбриональдық кезеңде дұрыс азықтандырылмауы да мүмкін.

«Қарабау» шаруашылығында оңтүстік қазақ мериносын жайылымда бағып өсірген жағдайда әр кезде өскен тірілей салмағының арасындағы корреляциялық коэффициенті онша жоғары болмады.

1-кестеге қарағанда оңтүстік қазақстанның ерекше жағдайында өсіп-өнген қойлардың жаңа туғандағы салмағы мен бұдан былайғы өсіп жетілуі көрсеткіштерінің арасындағы корреляциялық байланысы нашар қалыптасты. Сөйте тұра, қозыны енесінен айырғандағы тірілей салмағы мен бір жастағы салмағы көрсеткіштерінің арасындағы корреляция коэффициенті тұсақтар арасында (0,40) болып айтарлықтай жоғары екендігі байқалды. Сондықтан оңтүстік қазақ мериносын тірілей салмағына қарап 4,0-4,5 айлығында таңдап алу малдың тірілей салмағын көтеруге септігін тигізеді деген болжам бар.

1-кесте – Ұрашпы тоқтылардың әр кезеңдегі тірілей салмақтарының арасындағы корреляциялық байланыс

Көрсеткіштер	Топтар								
	Туылған кезде			4-4,5 айлығында			12 айлығында		
	I	II	III	I	II	III	I	II	III
Тірілей салмағы, кг	4,8±0,94	4,3±0,85	4,1±0,75	32,0±0,9	30,4±0,86	29,5±0,97	40,5±0,8	37,5±0,93	37,0±0,95
Байланыс коэффициенті, N				0,13±0,01	0,12±0,07	0,10±0,12	0,40±0,04	0,35±0,07	0,38±0,01

Малдардың туған кездегі тірілей салмақтары арасындағы корреляцияның ең жоғары коэффициенті топтардағы малдарда болуы. Бұл артықшылық біздің пікірімізше, басқа топтармен салыстырғанда бұл топта селекция жұмысы көбірек жүргізген деуге болады, өйткені үш топтарда да қой тұқымын асылдандыру жұмыстары бір әдістемемен жүргізілді. Мүмкін мұндай айырмашылық аталық қошқарлардың генотиптерінің әр қилы болуы әсер еткен болар[4].

Негізгі селекциялық белгілер арасындағы корреляциялық байланыстар зерттеу нәтижесінде биязы жүнді қой шаруашылығындағы селекциялық жұмыстарда қолданатын маңызды белгілер арасындағы оң мәндегі байланыстар тірілей салмақ пен: талшық ұзындығы (0,371) жүн түсімі (0,357), жүн шығымы (0,238) көрсеткіштері арасында бар екені анықталды.

Тәжірибе барысында анықталған көрсеткіштерді селекциялық жұмыстарда қолдану бағытты түрде жүргізілетін сұрыптау жұмыстарының қарқынын арттыруға септігін тигізетіні сөзсіз.

2-кесте – Негізгі селекциялық белгілер арасындағы корреляциялық байланыстар

Көрсеткіштер арасындағы корреляциялық байланыс		r±mr	tr
Тірілей салмақ	жүн талшығының жіңішкелігі	+0,371±0,27	11,42
	жүн түсімі	+0,357±0,34	7,65
	жүн шығымы	+0,238±0,25	13,41
	жүн талшығының ұзындығы	-0,451±0,31	9,63
	жүн ұшықтырының саны	-0,164±0,15	13,94
	жүн қалыңдығы	-0,234±0,18	8,12

2-кестеден байқағанымыздай малдың салмағы ірі болған сайын жүн түсімі де жоғары болады, жүн шығымы да артады. Жүннің ұзындығының артуы жүн өніміне оң әсер етеді. [5].

Қорыта айтқанда барлық топтардағы ұрпақтардың негізгі шаруашылық белгілері арасындағы корреляциялық байланыс оң және жоғары болды.

**ӘДЕБИЕТ**

- [1] Стакан Г.А., Соскина А.А. Наследуемость хозяйственно-полезных признаков у тонкорунных овец. – Новосибирск, 1965. – С. 151.
- [2] Петров А.И., Метлицкий А.В., Берус В.К. Влияние методов подбора на развитие некоторых признаков у австра-ло-южноказахских помесей // Информ. листок КазНИИТИ. – Алма-Ата, 1976. – № 520. – С. 5.
- [3] Подгорная Т.М. Резервы повышения мясной и шерстной продуктивности овец кавказской породы // Повышение шерстной и мясной продуктивности тонкорунных и полутонкорунных овец. – М., 1986. – С. 79-82.
- [4] Есқара М.А., Абдраманов К., Аккулов Г. Перспективность генетического совершенствования продуктивных качеств овец парода южно-казахский меринос на юге Казахстана // Матер. между. науч.-практ. конф., посвящ. 100-летию К. Мынбаеву. – Алматы: Бастау, 2006. – С. 114-121.
- [5] Әбішев Б., Кенжебаев Т.Е., Жомартов А.М., Қонаева С. Қазақтың арқармериносы қойларының жүн өнімділігі // Жаршы. – Алматы: Бастау, 2003. – №11. – Б. 13-16.

**REFERENCES**

- [1] Stakan G.A., Soskina A.A. The heritability of economically useful traits in fine-wool sheep. - NEWS-birsk, 1965. - p. 151. (in Russ.).
- [2] Petrov A.I., Metlitski A.V., Berus V.K. The impact on the development of methods for the selection of certain traits in the Austro-lo-South Kazakh hybrids. Inform. KazNIINTI sheet. - Almaty, 1976. - № 520. - p. 5. (in Russ.).
- [3] Podgornaya T.M. Reserves of meat and wool productivity of sheep Caucasian breed wool. Improving and fine-wool and meat productivity of semi sheep. - M., 1986. - P. 79-82. (in Russ.).
- [4] Yeskara M.A., Abdramanov K., Akkulov G. The prospects of genetic improvement of the productive qualities of sheep Paroda South-Kazakh merinos in southern Kazakhstan. Proc. Int. Scientific-prac. Conf., dedicated. 100th anniversary of K. Mynbayev. - Almaty Bastau, 2006. - p. 114-121. (in Russ.).
- [5] Abishov B., Kenzhebaev T.E., Zhomartov A.M., Konaeva S. Қазақтың арқармериносы қойларының жүн өнімділігі. Zharshy. Almaty: Bastau, 2003. № 11. B. 13-16. (in Kaz.).

**ВЗАИМОСВЯЗЬ МЕЖДУ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫМИ И ПОЛЕЗНЫМИ ПРИЗНАКАМИ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИХ МЕРИНОСНО-КУЮКСКИХ ВНУТРИПОРОДНЫХ ОВЕЦ**

**А. Д. Дауылбай, М. М. Есқараев, А. Р. Абилдаева**

Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан

**Ключевые слова:** корреляция, постэмбриональ, скрещивания, селекция, сортировка, мясо, тонкорунный.

В сельскохозяйственной промышленности, особенно в овцеводстве выращивании и разведении овец важное значение придается корреляционной связи селекционной работе в разведении ценных пород мериносно-кююкских внутрипородных овец. В Южно-Казахстанской области в данное время ученые вплотную работают над этим вопросом. В результате этих исследований улучшается ценность породы, особенно это будет иметь значение в экономическом развитии хозяйств.

В связи были проведены исследования по изучению овец южказахстанских мериносов, их живой вес, взаимосвязь корреляционных показателей качества стриженной шерсти в хозяйствах. В результате пришли к выводу, что во всех исследуемых группах корреляционная взаимосвязь приплода ягнят имеет хорошие показатели и высокое качество.

*Поступила 20.05.2015 г.*